



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№76
(2351)

Сәрсенбі

1 қазан

2025 жыл

Газет

2003 жылдың

5 қаңтарынан

шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЛМАСБЕК ЕСМАХАНОВ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазалы ауданында кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтті. Оған жауапты сала, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы бұрын аудан әкімі қызметінде болған Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлына алғыс білдіріп, жаңа қызметке сайланған Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлына сәттілік тіледі.

«Бұған дейін Қазалы ауданының әкімі қызметін атқарған Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы Президент Әкімшілігінің келісімі негізінде облыс әкімінің орынбасары ретінде қызметін жалғастыруда.

Мейрамбек Зинабдинұлы Қазалы ауданында 2 жылға жуық қызмет жасап, ауданның дамуына сүбелі үлес қосты.

Сайлау жүйесін демократияландыру – Президент реформаларының негізгі міндеттерінің бірі.

Өңірімізде аудан әкімдерін сайлау 2023 жылы пилоттық негізде өткізіліп, Шиелі мен Сырдария аудандарының әкімдері сайланды.

Күні кеше өткен саяси науқанда Қазалы ауданының тұрғындары жоғары белсенділік танытты. Бекем бірлік пен тату тірліктің үлгісін көрсетіп, ауданның жарқын болашағы үшін өз таңдауларын жасады.

Алмасбек Әбілқасымұлы - басшылық қызметтегі ұйымдастырушылық қабілеті мен тәжірибесі мол, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде



атқаратын әлеуеті жоғары кадр.

Президентіміздің, Үкіметтің алдымызға қойған міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындап, Өздеріңізбен бірге Қазалы ауданын одан әрі дамытуға, көркейтуге аянбай жұмыс істейді деп сенеміз. Жаңадан сайланған аудан әкіміне Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының реформалары мен бастамаларын жүзеге асыру бойынша нақты әрі жүйелі жұмыстар жүргізуді тапсырамын.

Аудан халқы үгіт-насихат кезеңіндегі Сіздің уәделеріңізге сеніп, қолдауыс берді. Сол себепті сайлауалды бағдарламаңызда көрсетілген әрбір мәселенің оңтайлы, мерзімінде шешілуін қамтамасыз етіңіз. Біз, аудан халқы әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз.

Алдыңызда дамудың барлық макроэкономикалық көрсеткіші бойынша оң параметрлерге қол жеткізу міндеті тұр. Ауданға

инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын ашу мен кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған нақты жұмыс жүргізу қажет.

Президентіміздің инвестиция тарту тапсырмасын орындау үшін инвесторлармен тиісті бағытты айқындау керек. Аудан әкімінің жұмысы инвестиция тарту индикаторының орындалуымен бағаланады. Қазіргі жағдайда бюджеттің әрбір тиыны маңызды.

Бұған дейін де басшылық лауазымдарда мол тәжірибе жинаған қызметкер ретінде аудандағы ресурстарды барынша қолданып, бюджет қаражатын толық әрі мерзімінде игеріп, жобалардың сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етіңіз.

Құқық қорғау органдарының басшыларына аудан әкімімен бірлесіп, жұмыс жасауды қатаң тапсырамын!», - деді Н.Нәлібаев. Есмаханов Алмасбек

Әбілқасымұлы 1982 жылы дүниеге келген. Қызылорда гуманитарлық университетінде экономист, Қазтұтыну одағының Қарағанды экономикалық университетінде заңгер мамандықтары бойынша білім алған.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистр дәрежесін иеленген.

Әр жылдары Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының, қалалық бірнеше бөлімнің басшысы, облыс әкімі аппаратында бөлім басшысы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары, басқарма басшысы лауазымдарында нәтижелі қызмет етті.

2024 жылдың шілде айынан бастап «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы қызметін атқарып келді.

Айта кетейік, 28 қыркүйекте өткен Қазалы ауданы әкімі сайлауының қорытындысын облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов жариялап, жаңадан сайланған аудан әкіміне куәлігін табыстады.

Актив отырысынан соң, аймақ басшысы аудан тұрғындарымен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдары, алдағы жоспарлар туралы ой бөлісті. Қазалылықтар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ЕЛ АҒАСЫ ОРАЗҒАЛИ БЕКПАНОВТЫ 85 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Оразғали Бекпановты 85 жас мерейтойымен құттықтады. Жиынға облыстық мәслихаттың төрағасы, ардагерлер, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы еңбекті елеу, азаматқа лайықты құрмет көрсету, халық болып ризашылық таныту елдіктің белгісі екенін атап өтіп, мерейтой иесіне құттықтауын жеткізді.

«Сыр өңірі – құт-береке дарыған, бабалар дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып,

сабақтастығы үзілмеген қасиетті мекен. Еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған еңбек адамдарынан кенде емес. Туған жер алдындағы азаматтық парызын адал атқарған жандардың ерен еңбегі, қалтқысыз адал қызметі бізге қашанда үлгі.

Биыл ел ағасы, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекпанов Оразғали Достанұлы 85 жасқа толды. Ол еңбек жолын 1959 жылы вагон депосында қарапайым слесарь болып бастаған. Теміржол училищесінде шебер, директордың орынбасары, директоры, Жаңақазалы поселкелік кеңес атқару комитетінің төрағасы, Әйтеке

би кентінің әкімі лауазымдарында болды. Кент әкімі кезінде аудан орталығының әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосты.

Оразғали Достанұлы зейнетке шықса да, қоғамдық өмірге белсене араласып, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметінде елді бірлікке үндеп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие көрсетіп келеді.

Сыр жұртшылығы аймақтың дамуына үлес қосқан, елдің ыстық ықыласына бөленген өздеріңіздей жерлестерімен мақтанады. Тілеулес азаматтардың атынан мерейтойыңызбен шын жүректен тағы да құттықтаймыз! Жастарға жол көрсетіп,

әрқашан игі істердің басында жүргейсіз. Мерейлі сәтте Өзіңізге мықты денсаулық, жақындарыңызға амандық, отбасыңызға бақ-береке тілеймін», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында облыс әкімі мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Әлімбай Қасқырбай құттықтау сөз сөйлеп, ақжарма тілектерін білдірді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

АУЫЛДЫҢ АЖАРЫН АЙШЫҚТАҒАН ІСТЕР

Әрбір ауылдық округтің дамуы – ондағы тұрғындардың тұрмысымен, күнделікті тыныс-тіршілігімен өлшенеді. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан ауылдарды көркейтуге, инфрақұрылымды жақсартуға, жастарға қолдау көрсетуге басымдық беріліп келеді. Бұл бағытта «Майлыбас» ауылдық округі де шет қалмай, бірқатар тың жобаларды жүзеге асырып, ауылдың әлеуетін арттыруда. Біз осы және алдағы жоспарлар жөнінде «Майлыбас» ауылдық округінің әкімі Әбілхан Алмат Аманқосұлымен сұхбаттасқан едік.

–Алмат Аманқосұлы, округтің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайына тоқталып өтсеңіз.

–Бүгінде «Майлыбас» ауылдық округінде 1812 тұрғын өмір сүріп жатыр. Оның ішінде экономикалық белсенді халық саны – 1024 адам. Жұмыспен қамтылған азаматтар – 678 болса, өз бетінше табыс табатындар – 301 адамды құрайды. Ал, ресми тіркелген жұмыссыздар саны – 45 адам.

2024 жылдың өзінде аудандық мансап орталығы арқылы 23 тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты, 31 адам уақытша жұмысқа тартылды. Сондай-ақ, 17 азамат ақылы қоғамдық жұмыспен қамтылды. Бұл – округ үшін маңызды көрсеткіштердің бірі. Жалпы айтқанда, біз үшін басты міндет – тұрғындардың еңбек етуіне жағдай жасау және жұмыссыздық деңгейін азайту.

– 2023 жылы қайта сайланғаннан кейін округті дамыту бағытында ең алдымен қандай істі қолға алдыңыз?

–Ең алдымен ауыл тұрғындарымен кездесіп, олардың ұсыныс-тілектерін тыңдадым. Халық ең алдымен газ, жарық, су және жол мәселесін алға тартты. Осы мәселелерді шешу бағытында жобаларды ретке келтіруді бастадық. Соның нәтижесінде бүгінде ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынып отыр.

–Газ құбырын тарту жұмыстары ауыл тұрғындарының көптен күткен мәселесі еді. Бұл бағыттағы жұмыстардың жай-күйі қалай?

– Иә, расымен де, тұрғындардың көптен күткен арманы – көгілдір отын. «Ақсуат» ауылы мен Байқожа станцияларына газ құбырын тарту үшін «Отан байланыс» ЖШС демеушілігімен 85 млн теңге қаражатқа жобалау-сметалық құжаттар дайындалды. Бұл құжаттар барлық тиісті сараптамадан өтті. Қазір облыстық энергетика басқармасына ұсынылып, құрылыс жұмыстарына 2 млрд 740 млн теңгеге бюджеттік өтінім берілді. Қаржы бөлінсе, ауыл тұрғындары көп ұзамай көгілдір отынға қосылады деп сенеміз.

–Байқожа станциясында электр желілері жаңартылып, транс-

форматор орнатылғанын білеміз. Бұл жұмыс ауыл тұрғындарының тұрмысына қалай әсер етті?

– Бұрын жарық жиі сөніп, ток қуаты әлсіз болатын. Қазір жағдай түбегейлі өзгерді. Байқожа станциясына 85 бағана қойылып, қуаттылығы 250 кВт трансформатор орнатылды. Жалпы ұзындығы 2340 метр электр желісі тартылды. Соның арқасында 47 үй жарықпен қамтылды. Бұл – тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, тұрмыстық жағдайын жеңілдеткен маңызды қадам болды.

–Ақсуат ауылындағы жарық пен аяқ су мәселесі жөнінде не айтар едіңіз?

–Ақсуат ауылындағы Ә.Есмамбетов, Ғ.Мұратбаев және А.Өмірзақов көшелерінде ескі электр желілерін жаңғырту үшін құжаттар дайындалып, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөліміне тапсырылды. Жобаның жалпы құны – 145 млн теңге. Бұл жоба жүзеге асса, ауылдағы электр жүйесі толық жаңармақ.

Ал, аяқ су мәселесіне келсек, жаңа су айдағыш насос сатып алынып, орнатылды. Соның арқасында ауыл тұрғындары егіндік жерлерін сумен қамтамасыз етіп отыр. Бұл ауыл шаруашылығын дамытуға да оң әсер етуде.

– Кәсіпкерлікті қолдау бағытында қандай шаралар жүзеге асуда?



– Қазіргі таңда округ бойынша 90 кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Оның ішінде 43 шаруа қожалығы, 45 жеке кәсіпкер және 2 жауапкершілігі шектеулі серіктестік жұмыс істейді.

2024 жылдың ішінде жаңадан 15 кәсіпкерлік субъектісі тіркелді. «Байқоңыр ӘКК», «Сырдария» несие серіктестігі, «Агробизнес» ЖШС сияқты ұйымдар арқылы ауыл кәсіпкерлері қаржыландырылып отыр. Мәселен, «Күлік» шаруа қожалығы 14,7 млн теңге несие алып, жылқы шаруашылығын дамытып жатыр. «Кәусарбұлақ» қожалығы 8,6 млн теңге несиеге ірі қара өсіруде. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлер кондитерлік өнімдер өндіру,

құс шаруашылығы сияқты жаңа салаларға бет бұрды.

Мемлекеттік гранттар аясында да жалпы құны бірнеше миллион теңге болатын жобалар қолдау тапты. Бұл ауыл тұрғындарының өз кәсібін ашуына мүмкіндік беріп отыр.

–Экологиялық тазалықпен көгалдандыру жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылуда. «Бірге – Таза Қазақстан» акциясы апта сайын ұйымдастырылады. Тұрмыстық қалдықтар, құл-қоқыс шығару тұрақты жолға қойылды. Биыл ауылды абаттандыруға 18,6 млн теңге бөлініп, көшелерге жаңа ағаш көшеттері отырғызылды. Ақсуат ауылында 0,2 гектар жер қоршалып, 100 түп ағаш егілді. Бұл жұмыс келесі жылдары да жалғасатын болады.

– Жастарға арналған іс-шаралар жөнінде тоқталсаңыз.

– Жастар – ауылдың болашағы. Олардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін мектептерде түрлі үйірмелер мен спорт секциялары ашылған. Мәдениет үйінде де шығармашылық бағыттағы үйірмелер бар.

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында жүйелі іс-шаралар ұйымдастырамыз. Мысалы, ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, тарихи-танымдық іс-шаралар жиі өтеді. Жастар саясаты біздің жұмысымыздың тұрақты



«Халыққа көмек», «Бақытты отбасы» жобалары аясында әлеуметтік қолдау шаралары үзбей жүргізіледі. Мәселен, 30-ға жуық отбасына азық-түлік, көмір, отын жеткізіліп берілді. Мектеп жасындағы балаларға оқу құралдары мен киім-кешектер алып берілді. Бұл жұмыстарға ауыл жастары мен кәсіпкерлер де атсалысуда.

– 2025 жылға арналған басты жоспарларыңыз қандай?

– Алдағы жылы ең алдымен көгілдір отынды ауылға жеткізуге күш саламыз. Сонымен қатар электр бағаналарын қайта жаңарту және көшелерге жаңа түнгі жарық шамдарын орнату жоспарда бар. Жұмыссыздықты азайту үшін «Ауыл аманаты» жобасы арқылы ауыл тұрғындарына 2,5 пайызбен несие алуға мүмкіндік береміз. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, көгалдандыру, санитарлық тазалық шараларын күшейту жұмыстары жалғасады.

– Сіз үшін ауыл әкімі болудың басты жауапкершілігі неде?

– Ең бастысы – халықтың сенімін ақтау. Әкім деген – тек басшы емес, ауылдағы әрбір адамның мәселесіне бейжай қарамайтын, шешімін табуға тырысатын тұлға болуы керек. Мен үшін тұрғындардың ұсынысын тыңдап, соны іске асыру – ең үлкен міндет.

«Майлыбас» ауылдық округінде атқарылып жатқан жұмыстар – ауылдың даму қарқынын айқын көрсетеді. И н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы қ жобалардың іске асуы, әлеуметтік қолдаулардың артуы, жастарға жағдай жасалуы – тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған нақты істер. Әкім Әбілхан Алмат Аманқосұлының айтуынша, алдағы жылдары да ауылдың әрбір мәселесі назарда болып, жаңа жоспарлар кезең-кезеңімен жүзеге асады. Бұл өз кезегінде округтің әлеуетін арттырып, ауылдың болашағын жарқын етуге сеп болмақ.

–Әңгімеңізге рахмет! Ауылдың өркендеуі жолындағы еңбегіңіз жемісті болсын!

**Әңгімелескен
Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**

ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫНАН ТҮЛЕП ҰШҚАН ТҮЛЕК

Сыйлас азамат, майдангердің ұлы, еңбек ардагері Тілеужан Құдайбергенұлы Арал теңізінің жағалауындағы шағын ғана балықшы ауыл «Аран-Қорған-Сандал» деген жерде дүниеге келгенін айтып, жастық шағын еске алатыны бар-ды. Содан біз Аралдың азаматы Қазалыға қалай келдіңіз деп қазбалай сұрай бастаймыз. Сөйтсек Тілеужанның аталарының негізгі қонысы Қазалының Қожабақысы екен. Атасы Жолдыбайда, әкесі Құдайберген де Қожабақының тумасы. Одан арғы аталары да Қожабақыда қоныс тепкен. Өткен ғасырдағы жоқшылық, тұрмыс тауқыметі кезінде атасы Жолдыбай отбасын аштықтан аман сақтап қалу үшін ата мекенінен теңіз жағалауына көшуіне тура келеді. Теңіз жағалағанның өзегі талмайды деген қағидатты ұстанған болуы керек. Сөйтіп, теңіз жағалай қоныс аударып жүріп, «Аран-Қорған-Сандал» деген шағын балықшы ауылды қоныстануды қолай көреді. Кейін сол жер өздеріне құтты қоныс болады. Діни сауатты атасы елдің балаларын сүндетке отырғызып, жас жұбайлардың некесін қиып, жеңіл-желпі науқастарды емдеп, жазып, бойына біткен қасиетімен ауыл тұрғындарының құрметіне бөленеді. Қоныстастары оны аузы дуалы жан деп қасына үйіріле түседі. Жоқшылық кездің өзінде азын-аулақ уақ мал жинаған қадірлі жан, ержетіп қалған жалғыз баласын балықшы қатарына қосады. Осылайша отбасын астан тарықтырмай, тірлігіне қан жүгіртіп, берекесін ұйыта түседі. Осылай берекелі күндеріне шүкіршілік етіп жүргенде Жолдыбай қарттың ғана емес бүкіл ауылдың басына қара бұлт үйірілді десе болады. «Соғыс» деген қасіретті сөз шалғайдағы бұл ауылға дүрліктіріп жетті. Халықтың берекесін қашырды. Еңсесін түсірді. Уайымға қалдырды. Осы кезде сабырлы Жолдыбай ақсақал жалғыз баласын майданға аттандырып, іші қайғыдан қан жылап тұрса да ауылдастарына ақыл айтып, сабырға шақырды. Өйткені бұл зұлматқа көнбестен басқа амал жоқтығын білгендіктен, көпшіліктің қайғысын жылы сөздерімен жеңілдетуге тырысты. Одан басқа нендей көмек көрсете алар еді.

Жолдыбайдың жалғыз ұлы Арал аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен 1942 жылы майданға аттанды. Баласынан келген хаттан белгілі болғанындай әскери дайындықтан өтіп, Смоленск қаласында соғысқа араласқан. Ал, үй иесінің содан кейінгі өмірі, жылы мен айы, күні баласының соғыстан аман келуін күтумен, тілеумен өтті деуге болады. Отбасының шығарда жаны

бөлек. Әйтеуір тірі келетініне үмітін үзбеді. Асыл қарт қайғыдан шөксе де сынбады. Адам жаны сірі екен. Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі деген сөз рас екен. Жолдыбайдың жалғызының майданда өліп кететіндей реті бар-ды. Ол үш рет ауыр, төрт рет жеңіл жарақат алып, госпитальда айлап жатты. Өң мен түстің арасындағы ес білмейтін халды бастан кешірді. Құдай сақтады, аман қалды. Алланың сақтағаны шығар Құдайберген Жолдыбайұлы 1945 жылы Кенисберг қаласында соғысты аяқтап, кеудесіне қос «Қызыл Жұлдыз», II –ші дәрежелі «Даңқ» ордендері мен бірнеше медальдарды тағып, теңіз жағалауындағы шағын ауылға жетіп келгенде ата-анасы ғана емес ауылдастары болып қуаныштан асып тасыған.

-Мен сол теңіз жағалауындағы шағын ауылда дүниеге келген Жолдыбай атаның тұңғыш немересімін ғой,-деді Тілеужан Құдайбергенұлы Жолдыбаев өткен күндері жайлы сыр шертіп. -Менен кейін де немере ұл-қыздары болды. Алайда мен атам мен әжем Болғанның еркесі болдым. Бұл тұңғышқа берілген жеңілдік дейсіңдер ме, басқалай айтасындар ма өздерің біліңдер. Батыр жауынгер болған майдангер әкем балықшы болды. Балықшының баласымын. Балалық шағым теңіз толқындарында тербеліп, нәр алып, жағалауында өтті. Шағын ауылда мектеп болған жоқ. Бастауыш класты «Ұялы» ауылдық кеңесіне қарасты «Қосшегенді» деген жерде оқыдым. Мұғаліміміз Мұратбай Жарылқағанов деген кісі болды. Кейін ол кісіде Қазалыға көшіп келді. Теңіз тартылғаннан кейін балықшылардың өздерімен балалары Қазалыға қоныс тепті ғой.

Тілеужанның өзі әңгімелегендей ол бастауыштан кейін Жаңақазалы поселкесінде бірнеше мектепте оқыған. Оған отбасылық жағдайлар себеп болған. Аралдың Сексеуіл станциясындағы мектепте де оқығаны бар. Жиһанкез оқушы соңында Қазалыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы №216 орта мектепті бітірген. Әр мектепте оқыса да зерделі оқушының сабақ үлгірімі жақсы болыпты. Күнделіктегі бағалар соны айғақтайды.

Мектеп бітірген соң балықшының баласы туған жері теңіз жағалауына жол тартпай, ондағы тірліктің мазасы қаша бастағанын, теңіздің суы тартылып жағадан алыстап бара жатқанын сезіп, білгендіктен мамандық алу үшін Қызылорда қаласына жол тартты. Өзі қолай көрген қазіргі Қызылорда медициналық колледжіне құжаттарын тапсы-

рып, бақ сынады. Жолы болып, колледждің студенті атанады. Алып денелі бозбала жігіт алғырлығымен ерекшеленеді, ұйымдастыру жұмыстарындағы белсенділігімен де қатарластарының құрметіне бөленді.

Колледжді бітірген соң Ангельс атындағы совхоздың орталығындағы учаскелік аурухананың жанындағы №51 дәріхананың меңгерушісі болып жұмысқа орналасты. Осы қызметті 14 жыл атқарғанда Тілеужан ізденіспен жұмыс атқарып, мол тәжірибе жинақтады. Дәрілерді сапалы дайындау ісіне өте мән берді. Жауапкершілікпен жұмыс істеуге дағдыланды. Ауруларға қажетті дәрілерді жеткілікті, әрі уақытылы жеткізу міндетін орындауды үнемі басты назарда ұстады. Сонымен қатар, Тілеужан Құдайбергенұлы қызметін атқарумен қатар білімін жетілдіруді алдына басты мақсат етіп қойды. Ол соған құлшынды. Сөйтті де ол берік сеніммен Ресейдің Пермь қаласына жол тартты. Сол қаладағы мемлекеттік формацевтикалық институтына құжаттарын тапсырып, сынақ тапсырды. Ауылдан шыққан, қазақ мектебін бітірген азамат орыс тілді сынақ алушылардың алдында мүдірмей өз білім деңгейін дәлелдеп, нақты бағасын алды. Бұл үлкен ізденістің жемісі. Осылайша Тілеужан Орыс елінде бес жыл оқып, жоғары білімді игеріп, диплом алып шықты. Бұл оның алдағы қызмет сатысының өсуіне баспалдақ болды.

Ауылдық дәріхананың меңгерушісі Тілеужан Құдайбергенұлы Жолдыбаев 1984 жылы Қазалы аудандық орталық №71 дәріханасына басшылық қызметке жоғарылатылды. Қызметке келісімімен ол дәріхананың жұмысымен егжей-тегжейлі танысып болғаннан кейін мына жайды нақты аңғарды. Облыстан ауданға жіберілетін дәрі-дәрмек халық санына қарай коэффициент бойынша бөлінуі керек. Қазалы ауданында сол кездері 91 мыңнан астам халық тұрады. Ауданның коэффициенті 2,5 ғана, ал халқы Қазалымен қарайлас Арал ауданының коэффициенті 4,5. Бұл қалай? Әділетсіздік емес пе? Тілеужан осы фактілерді нақтылап, облыстық «Фармация» басқармасы басшыларының алдына мәселе етіп көтеріп, аудан коэффициентін 4,7 –ге көтеріп, соның нәтижесінде ауданда дәрі-дәрмек тапшылығы жойылды. Бұл Тілеужанның іскерлік қабілетінің, білімділігінің жоғары басшылық алдына мәселені көтере білетінінің батылдығының арқасында қол жеткізілген қарекет еді.

-Ол кезде аудан

дәрігерлерінің тапсырысымен есепте тұратын ауруларға қажетті дәрілерге 2 жыл бұрын тапсырыс беріліп, бағасына орай бюджеттен қаржы бөлініп, соның нәтижесінде дәріден тапшылық болмайтын. Ал, тапшылық туындаған жағдайда дәріхана лабораториясында қосымша дәрілер дайындалады. Негізінен дәрілер алдын ала тапсырыстар бойынша Ресей, шетел зауыттарынан әкелінетін, -дейді Тілеужан Жолдыбаев өткен күндерін еске алып.

Ұзақ жылдар ауданның орталық дәріханасын абыроймен басқарып, халыққа қалтқысыз медициналық қызмет көрсеткен азамат Тілеужан Құдайбергенұлы Жолдыбаев бүгінде зейнет демалысында. 75 жастың белесінен асқалы отыр. Үлкен отбасының басшысы. Зайыбы Ақмарал Мәменова «Жетес би» емханасында аға мейіркеш болып қызмет атқарып, халық алғысына бөленген жан. Осы ұжымнан зейнетке шыққан.

Көпшілік Жолдыбаевтарды алтын асықтай ибалы, иманды алты қыз өсірген отбасы деп мадақтайды. Айтса айтқандай Тілеужан аға мен Ақмарал екеуі бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың білім алуына зер салып, жоғары білім алып, мамандық иесі атануына тікелей себепкер болды. Қазір қыздары ата-ана абыройын асқақтатып, қызмет атқарған ұжымдары қызметкерлері арасында абырой иелері. Нақтыласақ үлкен қызы Хадиса Қызылорда университетінің түлегі. №70 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Шәкірттердің сүйікті ұстазы. Гүлмира аудандық орталық емханада фельдшер болып қызмет атқарып, сырқат жандардың алғысына бөленіп жүр. Ләззат №234 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі. Асылзат Ақтөбе медициналық академиясының түлегі, Атырауда дәрігер болып қызмет атқарады. Гүлзат №249 мектеп-лицейде шәкірттерге химия пәнінен дәріс береді. Таңшолпан Алматыдағы азаматтық авиация академиясын бітірген. Қызылорда аэропортында қызмет атқарады.

Зайыбынан айырылып қалған ардақты азамат Тілеужан Жолдыбаевтың сүйікті жарының қайғысына қатты қапаланғанын көзіміз көріп, тілекші жандар демеу сөз айтып, жұбатқандай болғанбыз. Әйтседе немерелерінің аталап келіп, құшағына еніп, шат күлкісімен мейірлендірер тәтті сөздері Тілеужанның жан жарасын емдегендей көрінеді біздерге.

Иә, сонау жастық шағында Арал теңізінің толқындарына тербеліп, үлкен өмірге қадам басқан бозбала жігіт бүгінде Қазалы ауданының абыройлы ақсақалы атанды.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы аудан аумағында көтерме және бөлшек сауданы сандарынан бақылау және сатып алу үшін сынамалар ай сайын іріктеп сатып алады. Қазіргі күні техникалық регламент талаптарын сақтау саласының өнімдерге деген сұранысы жоғары және бұл азық-түлік тауарларын тұтынудан кейінгі екінші орында тұрған өнім.

Аудан бойынша 2025 жылдың 9-айында бөлшек сауда дүкендерінен 103 тағам өнімдері, 29 тағам емес (күнделікті тұрмыста өндірісте немесе қызмет көрсету саласында қолданылатын тұрмыстық химия, гигиеналық құралдар, косметика және парфюмерия, киім кешектер, тұрмыстық бұйымдар) өнімдер алынып зерттеуге жіберілді. Нәтижесінде тағам өнімдерінің 11-нен сәйкес еместігі анықталса және тағам емес өнімдерден 11-нен таңбалануы бойынша сәйкессіздік анықталып басқарма тарапынан ары қарай жеке кәсіпкерлік объектісіне жедел ден қою шаралары туралы қаулылар шығарылып, іс-шаралар жүргізілді.

Техникалық регламенттің атауы, талаптарды белгілейтін заңдар, қаулылар, санитарлық нормалар мен қағидалар.

Өнімнің қауіпсіздігіне және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын талаптар белгіленеді, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Талаптар тек өнімге немесе адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға тікелей зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты оның өмірлік циклінің процестеріне белгіленеді. Ең аз қажетті талаптар осы өнімге және процеске тән әлеуетті қауіпті фактордың (тәуекелдің) әрбір түрі бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті түпкілікті нәтижесін нақты сипаттау жолымен белгіленеді.

Қауіпсіздік көрсеткіштері техникалық регламентке қосымша түрінде ресімделеді. Техникалық регламентті әзірлеу тәртіппен жүзеге асырылады.

Техникалық регламенттерде өнімнің сәйкестігін растау схемалары болмаған жағдайда, олар ұлттық стандарттарда айқындалады.

ҚР техникалық реттеу туралы Заңына сәйкес техникалық реттеу-санитарлық және фитосанитарлық шаралар-

ды қоспағанда, сәйкестікті растау, аккредиттеу және белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі қызметті қоса алғанда, өнімге көрсетілетін қызметке, процестерге қойылатын міндетті және ерікті талаптарды анықтауға, белгілеуге, қолдануға және орындауға байланысты қатынастарды құқықтық және нормативтік реттеу. Елімізде міндетті талаптар көптеген құжаттар түрінде белгіленіп келді. Техникалық регламент-нормативті-құқықтық акт болып саналады.

Импорттық өнімдер үшін, өнім жасалатын елдің атауы, өндірушінің атауы және оның заңды мекен-жайы латын әліпбиінің әріптерімен рұқсат етілген. Тауарға бекітілген заттаңбада өндіруші және/немесе сатушы атауы, дайындалған күні, шикізаттың құрамы, сатушының мекен-жайы (орналасқан жері), өнімнің өлшемі, өндірушінің мекен-жайы (орналасқан жері), Кеден аумағында тауар айналымының бірыңғай белгісі (EAC) және тағы басқа ақпарат болуы тиіс. Өнімді сатып алу кезінде таңбаларға, нұсқаулықтарға, басқа да белгілерге назар ауда-

ру керек.

Сатушы тұтынушының талап етуі бойынша оған тауардың сапасын растайтын құжаттарды беруге міндетті.

Жоғары аталған мәліметтерді қаперге ала отырып, Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының аудан аумағындағы сатушыларға өнімдерді сату барысында Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының, гигиеналық нормативтер мен техникалық регламенттердің талаптарын қатаң сақтауға, яғни өнімдердің мемлекеттік тілде заттаңбасы болуын, сақтау шартын, жарамдылық уақытын қадағалауға, ал тұтынушыларды өнімдерді сатып алу барысында аталған ережелерді басшылыққа алып, өнімнің заттаңбасына мән беріп, қауіпсіз өнім таңдауға шақырады.

Г. МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

АСА ҚАУІПТІ ҚҰТЫРМА АУРУЫ

Құтырма – адамдар мен жануарларға тән, жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауру адамдарға құтырған жан-жануарлар тісін батырғанда, адамның терісінің зақымданған жеріне сілекейін жаққанда жұғуы мүмкін. Бұл ауру адамдарға үй жануарларынан, иттерден, мысықтардан, сонымен қатар, ет қоректі аңдардан жұғады.

Құтырма ауруының жасырын кезеңі (ауру қоздырғышы организмге енгеннен бастап, ауру белгілері пайда болғанға дейінгі аралық) 10 күннен 1 жылға дейін, көбінесе 1-3 айға созылады. Аурудың жасырын кезеңі аяқталғаннан кейін науқас елеріп, тыныс алысы бұзылады, жұтынуы қиындап, аяқ қолының жаны кетеді.

Егер сіз иттен, мысықтан немесе басқа жануарлар-

дан жарақат алсаңыз дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Меншік нысанына қарамастан кез келген медицина мекемесінде жарақатты алғашқы өңдеу жүргізілуі тиіс (жарақатты жуу, өңдеу, асептикалық таңғыш қою) және құтыру ауруына қарсы антирабикалық вакцина салынуы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, жарақат салған ит, мысық немесе басқа да жануар туралы білетініңіздің бәрін, иесінің аты-жөні, өзіңіздің оған қай жерде тап болғаныңызды, оны бұрын көрген-көрмегеніңізді, көрсеніз қашан және қайдан көргеніңіз туралы айтуыңыз өте маңызды.

Құтыру ауруына қарсы екпені жүргізу ұзақтығы жарақат салған жануардың белгілі немесе белгісіз болуына байланысты болады.

Жарақат алған адамның

құтыру ауруына қарсы екпе жүргізу үшін жарақат салған жануардың белгілі болуы маңызды екендігін білгеніңіз жөн.

Тұрғындар тарапынан елді мекендердің маңайына тасталған мал өлекселерін жабайы аңдар мен елді мекен ішіндегі ит, мысықтар бірлесе жеп, жабайы аңдардың сілекейлерін үйлеріндегі ит пен мысықтар арқылы елді мекенге енгізуде. Ал, елді мекендегі ит пен мысықтар тұрғындармен, оның ішінде балалар тығыз байланыста болып, құтырма вирусын жұқтыру қаупін арттырып отыр. Өйткені жабайы аңдардың сілекейінде 100 пайыз құтырма вирусы болады. Сондықтан мал өлекселерінің әр жерге тасталуына жол бермей, арнаулы мал қорымдарына тасталуы тиіс.

Кез келген жануар,

әсіресе ит пен мысық оқыс мінез көрсетіп, алас ұрса, дереу ветеринарлық дәрігерге көрсету қажет. Мұндай жануарлардың иелеріне еш уақытта өздігінен көмек көрсетуге болмайды. Себебі, бұл адам өміріне өте қауіпті.

Құтырма ауруының алдын алудың ең негізгі жолы- бұл құтырмаға қарсы дер кезінде антирабикалық вакцина ектіру болып табылады. Сондықтан әрбір тұрғын иттен, мысықтан және басқа жануарлардан жарақат алғаннан кейін міндетті түрде дәрігердің нұсқауы бойынша егуге қарсылық білдірмей, құтырмаға қарсы антирабикалық вакцина алуы тиіс.

Г. ҚАРАШАЕВА,
Қазалы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.